



Менің

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚАЗАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТІ

УНИВЕРСИТЕТІМ

Басқарма төрағасы,

академик А.Қ.Күрішбаевтың студент - жастармен кездесуі



2018 жылы 31 қазан күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Басқарма төрағасы, академик А.Қ.Күрішбаевтың студент-жастармен кездесуі өтті.

Кездесуде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың биылғы Жолдауы

кеңінен талданып, халқымыздың игілігін көздейтін алдағы міндеттер, әлемдік бәсекелестікке ұмтылған мемлекетіміздің кемел мақсаттары және оған жастардың қосар үлесі сөз болды.

А.Күрішбаев: «Елбасымыздың алдағы жылды «Жастар жылы» деп жариялауынан Сіздер үлкен қамқорлықты және өздеріңе жүктелген зор сенімді сезіну керексіздер», - деп ерекше тоқталып өтті.

Басқарма төрағасы жастарды академиялық шыншылдық ережесін, жемқорлықтың алдын алу бағытында оқу орнымыздың абыройлы жетістіктерін жалғастырып, осындай үлгі болар дәстүрді сақтауға, болашақ маман ретінде елге қызмет етуде «адалдық» тізгінін бекем ұстауға шақырды.

Сондай ақ, университеттегі өзін-өзі басқару құқығына ие, дәстүрлері қалыптасқан студенттік ұйымдардың, клубтардың, спорттық лигалардың жетістіктерін саралап, жаңадан құрылған Медиаторлар, Еріктілер тобының ұжымдық бірлікті, қоғамдық белсенділікті қалыптастырудағы маңызын айтып өтті. Жастар саясаты бағытын кеңейту мақсатында алдағы жылы студенттік қалашықтан «Жастар орталығы» ашылатынын мәлімдеді.

Студенттер де өз тараптарынан университеттегі ғылым, білім беру бағытындағы жетістіктерге мақтанышпен қарайтындарын айтып, өздеріне жасалған барлық қамқорлыққа жүрекжарды алғыстарын Арнаумен жеткізді.



Зампредседателя Ассамблеи народа Казахстана в КазАТУ



6 ноября 2018 года в Казахском агротехническом университете им. С.Сейфуллина состоялась встреча заместителя Председателя Ассамблеи народа Казахстана – заведующего Секретариатом АНК Администрации Президента РК Л.Прокопенко со студентами.

В мероприятии приняли участие заместитель Председателя Ассамблеи народа Казахстана – заведующий Секретариатом АНК Администрации Президента РК Л.Прокопенко, депутат Мажилиса Парламента РК Р.Ким, ректор Казахского агротехнического университета им.С.Сейфуллина А.К.Куришбаев, заместитель председателя ОЮЛ «Ассоциация предпринимателей Ассамблеи народа Казахстана» А.Жумагали, Председатель республиканского ОО «Молодежная организация «Жарасым» Т.Джумурбаев, Руководитель проекта «Село – опора государства. Будущие аграрии Казахстана» Д.Корепанов, представители этнокультурных объединений, профессорско-преподавательский состав и студенты.

В ходе встречи представители АНК посетили Казахстанско-Китайский центр механизации сельского хозяйства, Казахстанско-Белорусский центр подготовки и переподготовки инженерных кадров, Центр ГИС технологий, научный центр по робототехнике, экспериментально-производственные цехи мясных и молочных продуктов.

Председатель Правления Куришбаев А.К. во время встречи ознакомил гостей с деятельностью университета и рассказал о достижениях вуза. Также отметил, что сегодня в университете создан определенный научный, кадровый и технический потенциал не только для научного обеспечения, но и практической реализации задач цифровизации АПК.

Заведующий Секретариатом АНК выразил удовлетворенность положительными изменениями, которые происходят в стенах вуза, что дает уверенность в выполнении поставленных задач в контексте поручений, обозначенных Главой государства в Послании. «В КазАТУ имени С.Сейфуллина можно четко проследить перспективы вуза, его ориентированность не просто дать студенту академические знания, а подготовить квалифицированного специалиста, востребованного и конкурентоспособного на рынке труда», - сказал Леонид Прокопенко. Предложил на базе КазАТУ и АНК создать пропагандистский центр по распространению новых знаний.

Кроме того, участники обсудили основные положения очередного Послания Главы государства народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» и программы «Рухани жаңғыру».

Международный Инновационный форум в ТехноПарке "СКОЛКОВО"



В октябре 2018 года в Москве прошел Международный Инновационный форум в ТехноПарке "СКОЛКОВО", где приняли участие ученые и молодые ученые из Франции, Германии, Польши, Англии, Украины, Канады, США, Японии, Южной Кореи. ТехноПарк "СКОЛКОВО" представил более 1800 проектов по различным научно-техническим направлениям. Фонд "СКОЛКОВО" более 250 стартапов представил со своими продуктами на глобальных рынках и сотни активно работают с зарубежным экспертным и инвестиционным сообществом. В проектах "СКОЛКОВО", особенно в области кластера биологических и медицинских технологий, в частности разработано, первое в мире лекарство от гепатита D; ВИРИОМ - новый российский препарат для лечения ВИЧ, DRD - первый в мире тест для определения инсульта за 5 минут, AGCT - метод одновременного лечения онкологических заболеваний и ВИЧ, АГРОПЛАЗМА - ускоренная селекция сельскохозяйственных культур, АРТЭМБРИОГЕН - первые в России клоны крупного рогатого скота. Также можно отметить передовые технологии: кластер информационных технологий; кластер передовых промышленных технологий; кластер энергоэффективных технологий; кластер биомедицинских технологий.

От гепатита D в мире страдают 24 миллиона человек. Ожидается, что препарат выйдет на российский и международный рынок к 2020 году. В случае успешного выхода препарата на рынок капитализация компании к 2021 году может превысить 200 миллионов долларов.

В ТехноПарке "СКОЛКОВО" успешно работает платформа для диагностики онкологических заболеваний. Диагностика рака - сложный и субъективный процесс, т.к. врач-патолог принимает решение на основе собственного опыта и знаний. И ученый разработчик лекарственных средств также опирается на свой собственный опыт и знаний в данной области. В настоящее время ведущие врачи-онкологи России, США, Германии, Великобритании и других стран изучают данные, полученные от больного из любой точки мира в высоком разрешении, и при необходимости могут провести консилиум для постановки диагноза. Отметим, что по данным ВОЗ, Казахстан по онкологическим заболеваниям в мире занимает 3-е место.

В данном направлении, я как ученый в области Естественных наук с приложением Биомедицины, также работаем по разработке новых биомедпрепаратов и применению их в медицинской практике. В области сельского хозяйства: ускоренная селекция сельскохозяйственных культур считается современным приоритетным направлением в аграрном секторе.

ТехноПарк "СКОЛКОВО" разработал (компания "Агроплазма") гибридные семена сельскохозяйственных культур и в результате вывели раннеспелые гибриды кукурузы и др. для регионов РФ, Средней Азии. Потенциальная капитализация компании к 2021 году может составить около 1,2 - 1,4 миллиарда рублей.

Оразхан Аймаков, профессор



Б.К.Ыбраев атындағы зертхана ашылды

Қазан айында Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінде Балтабек Кәрішалұлы Ыбраев атындағы зертхананың ресми ашылуы өтті. Ашылу салтанатына оқу ордамыздың профессорлық-оқытушылық құрамы қатысты.

Б.К.Ыбраев 1956 жылы 1 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданы, Ақан Барақ ауылында дүниеге келген. 1976-1978 жж. - Қорған (РФ) зооветеринариялық техникумын қызыл дипломмен аяқтап, Қорған облысы Лебяжье ауданының «Колос» совхозында аға мал дәрігері қызметінде жұмыс жасады. 1996-2001 жж. өндірістік тәжірибесі мол маман ретінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Ветеринария» факультетіне қарасты ветеринарлық клиниканың меңгерушісі және қайта құрылған «Жұқпалы аурулар» кафедрасының меңгерушісі қызметтерін қоса атқарды. 2002 жылдан бастап кафедралардың қайта ұйымдастырылуына байланысты доцент қызметінде жұмыс істеді.

Балтабек Кәрішалұлының білім мен ғылымға сіңірген маңызды үлесі ескеріліп, ҚР АШМ, Білім және ғылым Министрлігінің бірнеше мәрте алғыс хаттарымен және С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-нің мерейтойлық төсбелгілерімен марапатталды.

Б.К.Ыбраев отандық және шетел ветеринариялық ғылыми қоғамдардың белсенді мүшесі және ҚР БҒМ Жоғарғы аттестациялық комиссиясының беделді сарапшысы болды. Ол республика, университет және факультет деңгейлерінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Балтабек Кәрішалұлы ұйымдағы әріптестері арасында зор ілтипатқа ие болған. Ол үлгілі отбасы ретінде ұл мен қыз тәрбиелеген. Бірақ әркімге осы өмірде берілген уақыттың бітері анық. 2016 жылдың 26 қазанында қазақ ветеринария тарихында елеулі орын қалдырған ұлы тұлғамыз өмірден өтті.

Ал келесі кезекте студенттеріміз осы зертханада білім ала отырып, профессорымыздың жасап кеткен жақсылықтарынан шабыт алып, болашақтағы профессор, ғалым боларына кәміл сенемін.

Аталмыш шараның өтуіне ұйытқы болған Б.К.Ыбраевтың жұбайы мен балалары, әріптестерінің ғалымға деген сый-құрметінің белгісі.

Айтбай Әдемі



«Жатақхана LIFE!» байқауы аяқталды

2018 жылдың 20 қазаны мен 10 қарашасы күндері аралығында өткізілген С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде «Жатақхана LIFE!» атты жатақханааралық ашық есік күні байқауы өз мәресіне жетті.

Жатақханалардың таңғы 9:00-ден есіктері ашық болды. Күн тәртібі бойынша қонақтарды қарсы алу, жатақхананың қабаттарын аралап, таныстыру ұйымдастырылды. Одан әрі «Жатақхана LIFE!» атты концерттік бағдарламамен ұласты. Концерттік бағдарлама 5 жанр бойынша бағаланды. Олар: Вокал, би, музыкалық аспаптар сайысы, мәнерлеп оқу және «Студенттің бір күні» атты бейнекөрініс. Арнайы әділ қазылар мүшелері әр жанр бойынша өз бағаларын берді.

Әділ қазылар алқасы құрамында тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры И.И. Кульназаров, жастар саясатының маманы Ғ.Бақытхан, «Өнер және шығармашылық» факультетінің «Вокал» үйірмесінің жетекшісі Н.М.Төлепберген, тәрбие жұмысы жөніндегі департаментінің бас маманы Г.Е.Байдалина және университеттің психологы Б.Дүйсенбайқызы болды.

Студенттер өте жақсы дайындық жасаған. Әр жатақханада өзіндік бір ерекшеліктері болды. Әрбір қабат ерекше түрде, әртүрлі тақырыптарда безендірілген. Студенттер арасындағы сыйластық, бауырмалдық сезілді.

Гүлден Ерболқызы



Обмен опытом: сравнительный анализ систем образования стран мира



Для студентов специальности «Финансы», гр.18-11, под руководством доцента кафедры казахского и русского языков Муратовой Б.А. состоялось открытое занятие «Обмен опытом: сравнительный анализ систем образования стран мира». Раскрывая заданную тему, по введению в специальность выступил ст.преподаватель кафедры финансы Кадринов М.Х., ознакомив первокурсников с начальными основами будущей специальности, в частности, разъяснив, что финансы представляли собой механизмы движения денежных средств между субъектами финансовых потоков, осуществляемые на практике. У студентов, не имевших четкого представления о своей будущей специальности, введение в специальность вызвало живой интерес и активный диалог в виде экспресс-вопросов. Возможно, это дало толчок задуматься в осознании правильности выбранной профессии.

В ходе студенты выступили с докладами по сравнительному анализу мировой системы образования, узнали об образовании ведущих стран мира, о системе образования в Казахстане, сравнили преимущества образования в Казахстане с другими странами мира и сделали вывод, что казахстанская система дает возможность получить молодежи высшее образование по избранной специальности, гарантированное законами об образовании Казахстана. Студенты, магистранты и докторанты, молодые преподаватели Казахстана, в частности, КазАТУ им.С.Сейфуллина, имеют возможность выезжать на стажировку в зарубежные страны для обмена опытом за счет финансирования ВУЗа.

По материалам подготовленных докладов студенты имели возможность увидеть положительные моменты в образовательном процессе, обменяться мнениями, сравнивая системы образования стран мира.

Данное мероприятие имело не только познавательное значение, но и практическое, т.к. на занятии первокурсники ознакомились с основами своей будущей специальности. На основе анализа пройденного открытого занятия по теме «Образование стран мира» можно было проанализировать и сделать вывод: студенты активно интересуются учебным процессом в различных странах мира, как живут и учатся их сверстники, заглянув на секунду в «окно Европы».

Муратова Б.А., доцент кафедры казахского и русского языков

Астана - жиырмадағы жас қала

98 отау болып бөліндің Алматыдай ағаннан,
Орын алдың Сарыарқадай қасиетті даламнан.
Сырлы Есіл сыбырлады ақырын,
Қоныс тік деп менің мынау жағамнан.

Ертегіде айтылатын Ертөстіктей тез арада ержеттің,
Алдыңдағы ағаларға қадам басып тез жеттің,
Бүгін міне ырысты өлке, құт мекенге айналдың,
Сағымыңмен Сарыарқа жусандарын тербеттің.

Бастабында ел саған онша сенбеді,
Көшпен еріп Алматыдан біржолата келмеді.
Астана болып қалыптасу жолыңа,
Елбасымыз, патшамыз сан терледі.
Осы күнге жетуінде, өсуінде көркейіп,
Сол кісінің маңдай тері, еңбегі.

Болды бұрын бұл арада Ақмоланың қаңқасы,
Қуә болған тарихқа төсіндегі әр тасы.
Сенің осы дәрежеге, мәртебеге жетуің,
Ата-бабам қорғап қалған мол байлықтың арқасы.

Е, Астанам бүгін міне ер жеттің жиырмадасың,
Күннен күнге көз тартып нұрланасың.
Жаратқанға мың алғыс айтам әр күн,
Елімізге сендей бақ сыйлаған соң.

Астана-бүгін міне жиырмадағы жас қала,
Сарыарқа төріндегі шуақ шашқан қас қала.
Әр жыл сайын басталады осында
Не бір түрлі жақсы-жақсы бастама.
Бұл Астана бүгін, міне, қуанышқа мас қала
Жасы кіші болса да, елімдегі бас қала!

Астана мынау дарқан даламның тірегісің,
Елімнің нұрлы ордасы жүрегісің.
Күлкісің сәбидің сыңғырлаған,
Қарттарымның тілейтін тілегісің.

Бұл Астана, үзілген үміттерді жалғайды,
Аспаныңда қыран құс маңғаздана самғайды.
Саған деген махаббатпен ынтаға,
Сарыарқаның сары аязы еш кедергі болмайды.

Астанамыз гүлденсін де жайнасын!
Тіршілігің күннен-күнге қайнасын!
Ақордамның іргелі болып іргесі
Бәйтеректе бұлбұл құстар сайрасын!

Мол үмітпен, мол сеніммен қараймыз Астанаға,
Кәрісі де аңсайды жас бала да.
Осындай нұрлы орда құт мекенде,
Көп қазақ ие болса баспанаға.

Астана, сені көріп мынау көңіл шаттансын.
Той тойлады елдер тойлап жатқасын.
Сен қазақпен мақтанбасаң мақтанба
Бірақ қазақ сеніменен мақтансын!



*Серік Есенбол
Ветеринария және мал шаруашылығы
технологиясы факультетінің
3-курс студенті*



Армандар орындалады, мақсатың айқын болса

Бүгін қандай шаттық толы кеш еді
Көңіл шіркін тасып толып өседі
Ұл кешегі жігіт болып қалыпты
Бой жетіпті бантикті қыз кешегі – деп алтын ұя мектеппен қоштасып, жан - жаққа тарап, жаңа өмірге аяқ бастық.

Менің таңдаған мамандығым «Электрмен қамтамасыз ету». Ия, талай адам естіп, таңқалған, бұл мен таңдаған мамандық! «Өзің таңдадың ба?»-деген сұрақ әлі де қойылады. Әрине, өзім таңдадым. Таңдағаным өкінбеймін. Себебі қазір және алдағы уақыттарда, шығып жатқан жаңа дүниелердің барлығы қуат көзімен тығыз байланысты. Ары қарай барлығы «тайға таңба басқандай» түсінікті болар. Хош, осылай оқу басталды. Ауылдан кеше келген ұяң қыз, жаңа ортаға үйреніп, қоғамдық жұмыстарға белсене ат салыса бастадым.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің жанынан үнемі өтетінмін. Кіріп - шығып жүрген студенттерді көріп, қызыға қарайтынмын. Себебі университет колледжден бір саты жоғары тұрады емес пе?! Ол кезде колледж студенті едім.

Колледж бітіргеннен кейін, одан әрі білімімді ҚазАТУ-да жалғастырамын деп, алдыма мақсат қойдым. Адам арманы таусылмас, сірә! С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне қадам басып, «студент» атандым!

Қазір мамандығым бойынша алған орта білімді жетілдіру жолында, жоғарғы оқу орнында өз мамандығымды жалғастырып жатырмын. Достарымның маған өте жиі қоятын сұрағы бар: «ҚазАТУ қандай екен?» деген. Мен оларға үш – ақ ауыз сөзбен жауап беремін. «Тәртіп. Тәрбие. Білім».

Осы тұста 1 курс студенті ретінде Сәкен ордамыз жайлы айта кетсем: ұлы дана Әл-Фараби тәрбие жайлы айтқан өте керемет өсиеті бар емес пе?! «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы»

Университеттің тәртібі өте жақсы! Тәртіп бар жерде тәрбие де бар! Ал әрбір студенттің сапалы білім, саналы тәрбие алуына барлық жағдай жасалған. Студенттің бойында бар, бірақ ашылмаған қасиетін жан - жақты дамытуына арналған түрлі клубтар бар. Мен қолыма қалам алып, параққа әлденені түртетінім, поэзияға жақындағым, журналистика саласына деген қызығушылығым, тағысын тағы қырларымды байқаған достарым Сәкен ордамыздың «Баспасөз орталығы» шақырып, «New press» клубының мүшесі атандым.


«Тілегенің алдыңнан, Издемей - ақ табылар» демекші, қатты қуандым! Бұл маған берілген үлкен мүмкіндік! Енді, менің «әріптестерім» бар. Олардың да шынайы мақсаты барда, біз бірге көптеген жетістіктерге жететініміз анық!

Міне, арман қала Астанада армандарым орындалып келеді! Сіздің де армандарыңыз міндетті түрде орындалады, әрине мақсатыңыз айқын болса!


Назерке Қамбарова

Энергетикалық факультеттің 1 курс студенті

Студент шығармашылығы



Суретті салған Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн факультетінің 2 курс студенті Абзал Жамешов



С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, 16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығы.

Редакторы - Б.Хабай,

шығарушы редакторлар: Е. Мұратқызы, Б. Жұмабайқызы,

Дизайн және беттеуші - А. Армияқызы,

редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,

Телефоны: 8/7172/39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.

Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.